

С. Өтениязов

Аттила



АРУНА
БАСПАРМ

ББК 63.3

Ө 82

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Өтениязов С.

Ө 82 Аттила. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС. 2005.
– 96 бет. («Шығыстың ұлылары» топтамасы)

ISBN 9965-26-064-8

«Аруна» баспасы «Шығыстың ұлылары» атты топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда Еуропа халықтары тарихында елеулі орын алған ұлы ғұн билеушісі Атилланың (400 – 453 жж.) өскен ортасы, билік жолындағы күресі, Батыс ғұн империясының тағына отыруы, Еуропаға жасаған әскери жорықтары, Рим империясымен қарым-қатынасы, кенеттен қаза табуы, т.б. балалар дүниетанымына лайықталып қызғылықты суреттелген.

ББК 63.3

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

Ө 0503000000
00 (05)-05

ISBN 9965-26-064-8

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005

Мазмұны

Еуропаға қоныс тебу.....	6
Көрегеннің көріпкел сөзі.....	8
Балалық шақ.....	20
Аманат Аэций.....	25
Еркін халық.....	32
Аттила.....	34
Уәкірт Аттила.....	36
Әділ кесім, нық шешім.....	50
Мақ басындағы Аттила.....	53
Аттила мен Крихилда.....	62
Аттила мен Онория.....	73
Жаңа жорықтар.....	75
Каталауния шайқасы.....	78
Аквилей қаласын алу.....	86
Дим қақпасы алдында.....	93

*У*ен даланы еркін кезіп үйренген халыққа қоныс аударып, жанына жайлы жер іздеу – үйреншікті іс. Дала төсін дүбірлетіп, сайын даланы мекен ету – көшпелілердің өмір салты. Алайда көз тіккен жеріне ат басын бұрып, жал-құйрығын төгілтіп, бетіне ескен самал желге кеуде кере дүрк-дүрк желу бір бөлек. Жауыңнан жеңіліп, еңсеңді ертеңгі күнді ойлап езгілеу бір бөлек.

Кешегі күнгі даланы даң, адамды таң қылған көшпенді өмір ұлдары ат жалына басын салып жай ілбіп келеді. Олай болғаны, ат тұяғы жетер жердегі халықтардың бәрін қол астына қаратып, билеп-төстеген атақты ғұн ұлдарының дәуірлеген заманы өткені шығар? Әлде тарих шыр айналған доңғалақтың ғұндар тұрған тұсы шыңырауға салған шығырдай төмен құлдилап кетті ме? Тағдырдың талқысына түсіп, тезінен теперіш көретін заман басқа түскендей.

Өмір – кезек деген осы. Кешегі күні қаншама халықты аузына қаратып, қабағымен жасқап, тізесін бүккізген, ашық дала, алаңқай майданда жауына бет қаратпаған ер ұландар бүгін, міне, туған жерінен ауып барады. Тасқа тамшылап аққан судың күнінде бір жарып шығатыны секілді саясат ұстанатын, бетіңе күліп бедел жинайтын, сыртыңнан сатып саудаға салатын саудагер қытайдың оларды жеңгені.

Қалай болса да ғұндар үшін бұл бір қиын кезең болды. Ұлы бабаларымыз ғұндардың талайды тітірестіріп, Азиядағы жалғыз билеуші болған дәуірі батқан күндей шуағы сөніп, шапағын шашып, жалқынданып батып бара жатты. Ғұндар заманы Мөде қағанмен бірге кеткендей өз құдіретінен айырылды.

Мөде қаған дүние салғаннан соң, шамамен 150 жыл өткеннен кейін, ғұн империясы Қытайдың іштен ірітіп, іремей* сойған саясатының кесірінен ыдырай бастады. Дүниенің төрт тарапына билік жүргізген ғұндардың өздері ендігі төртке бөлініп кеткен еді. Олардың бірі – атамекен Шығыс Түркістанда қалып, Қытайға бағынышты болса, екіншілері Алтай тауларын пана тұтты. Үшіншілері Жетісу мен Орта Азия жерін мекендеді. Ал ғұндардың төртінші бөлігі ертеден келе жатқан өз дәстүрлеріне бағынып, батысқа қарай жылжыды.

Ұлы көштің батысқа бағыт алуында сонау есте жоқ ерте заманнан келе жатқан заңдылық бар еді. Өйткені өсер елдің баласы күнге қарап бет түзейтін, соның жүрген жолын қайталайтын. Атқан күндей жарқыраған көшпелілер өмірі батыс күндей сөніп барады. Бірақ, олардың артында тұрған келешек ұрпақ «таң атпайын десе де, еркіне қоймайтын күн» секілді әлі-ақ шуақ шашатынында шәк жоқ-ты.



*іремей – білдіртпей

Еуропаға қоныс тебу

Затар күнге бет түзеген ғұндардың көші Еуропаның іргесіне келіп ат басын тіреген еді. Ең алдымен олар Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарына қоныс тепті. Сол жерлердегі халықтарды бірте-бірте ығыстырып, жайланып жайғаса бастады. Алайда ғұндардың негізгі ойлары бұл жерден ата қоныс болар тұрақ тауып орнығып қалу емес еді. Өздерінің ата-бабаларынан қалған дәстүрлерін берік сақтаған олардың батысқа жылжи беруі керек болды. Бұл арадағы халықтар ғұндардың арындаған ат тегеурініне қарсы тұра алмады. Олар бел көрсетіп, бет қаратпаған, Еділ мен Жайық аралығынан бастап қоныс еткен халық көшіне ығысып орын берді. Жыл өткен сайын ұстанған бағытынан қайтпай жылжи түскен ғұндардың басын бұрып, алған жағынан қайтарар күш табылмады. Біздің заманымыздың III ғасырында Еділдің арғы бетіне өткен ғұндар сырғи отырып, Қара теңіз жағалауына жақындады. Кейінгі ғасырларда ол өлкені түгелдей тізе бүктірген ғұн тайпалары 370 жылы Днестр өзеніне дейін жетіп, іргесі мықты, шаңырағы шайқалмас империялардың өзі санасатын аса құдіретті мемлекетке айналды.

Құрылымы жағынан ғұндар қоғамы әскери мемлекет еді. Жылқы жалына жабысып өскен олардың әрбір еркек кіндікті ұлы туғанынан көшпелі өмірге дағдыланды. Бесігі – ағаш, сөзі – жыр, тамағы – ет, сусыны – қымыз болған халық балаларын жастайынан-ақ атқа мінгізіп үйретті. Жалпы, Еуропа халықтарына атқа мінуді үйреткен де осы біздің ата-бабамыз болған ғұндар. Алғашқыда тұлпар тұяғына жаншылып, тартыл басқан Еуропаның қаһарман деген батырлары атқа қонса арқаланып кететін атайман алып ғұн ұлдарының аламан екпініне шыдай алмай, шегініп кетті.

Ғұндардың Ұлы көші басталғалы бері, олардың арасында бір аңыз тарады. Тұрақ тауып, қоныс тепкен жерле-

рінде олардың қандай халық боларын анықтап берген де сол көреген аңыз. Аңыз бойынша, күндердің бір күнінде ғұндар арасынан қыруар халықты қылыш жүзіне тосатын, бытыраған елдің басын қосып бір ортаға жинайтын батыр өмірге келмек. Алқалы жиын, атойлы майданда жан шыдатпас алып болмақ. Ол алып алмағайып заманда алаш елін аласапыраннан алып шығып, басқалардың басын идіріп, тізесін бүктіретін. Міне осындай адам ғұн халқына бас болып, күллі жұртты жасқап қайырып, үйіріп-ііретін күндер тұмақ. Ғұндардың алтын заманы атпақ. Ұлы көш үшін сондай жанның өмірге келуіне аз қалғандай болып көрінетін. Осы аңыз әңгімені біздің заманымыздың 400 жылы жарық дүниенің есігін ашқан ғұндардың Еділ патшасы – Аттиланың атымен байланыстыруға болады.



Көрегеннің көріккел сөзі

Ғұндардың талай асуларды асып өтіп, орманды жерлерді жарып өтіп, жаңа мекенге қоныстанғандарына біраз жылдардың жүзі болды. Бірақ, олар иесіз жатқан иен далаға келмеген еді. Бұл жерлердің де қожайыны атанып қалған, ежелден ірге бастырып тұрақтанған халқы бар болатын. Олар – герман тайпалары еді. Енді ғұндарға жаңа жерлерге иелік етуі үшін осы халықпен қылыш қағысып, тағдыр сынасатын сәт келді. Ғұндар Қырым түбегінен Днестр өзеніне дейінгі аралықты емінеркін билеп-төстеген герман тайпаларымен есепсіз шайқастар жүргізді. Осыған дейін ешқашан жеңілмей, арыны толастамай отырған жауынгер халық герман тайпаларын бұл жерлерден серпіп тастады. Сол кезден бастап герман тайпалары қаншама соғыс жүргізсе де, ғұндардан есе қайтара алмады. Керісінше, ғұндар герман тайпалары қоныстанған жерлерге сұғына еніп, барған сайын оларды үйреншікті орындарынан кетірді.

Герман халқы өз іштерінде остгот, вестгот тайпалары болып бөлінетін. Олардың мағыналары – шығыс және батыс готтар*. Ғұндарға әу бастан-ақ көп қарсылық көрсетіп, бітіспес жау болған – вестготтар. Олар қаншама жыл өтсе-дағы, ғұндармен жауластығын қоймады. Ал остгот тайпалары болса, 370 жылдан бастап ғұндарға бағынып, жауынгерлері бір сапта соғысты. Бұл кезеңдегі ғұндардың күшеюі – оларды бір ортада бастарын қосып, бір ордаға қаратқан 370 – 375 жылдары билік құрған Баламбердің арқасы.

Жаңа ортаға келген ғұн тайпалары өте көп еді. Алғашында бастары біріге қоймай әр тайпа өз бетінше күн кешкен болатын. Алайда ел шетіне жау тиіп, ортаға ұран тасталатын болса, олар дереу бір орталыққа бағынып, бір тудың астынан табыла қалатын. Дегенмен де, ғұн тайпалары бастапқыда шашыранды өмір сүрді. IV ғасырдың соңында қолбасшы Ульд (латынша Uldis) оларды бір орталыққа бағындырып, күшті әскери

*гот – герман тайпасы

мемлекет құрды. Көптеген ғұн тайпалары «төртеу түгел болса, төбедегі келетінін» жақсы біліп, өзара тату, бірлікте болды. Осындай тайпа бірлестіктерін 420 жылы Аттиланың немере ағасы сұңғыла* саясаткер Руғила басқарды. Оған дейін Руғила тек өз тайпасының ғана көш бастаушы көсемі болған.

Биліктің адам бұзар қасиетін білетін Руғила тайпаластарын бас бұзып бара жатса, жөнге салар, қисық басса, түзу жолға салар екі інісі Ақтар мен Мыңзықпен бірге басқармаққа ойы кетті. Өз басына түскен жауапкершілікті терең түсінген ол тура жолдан таймай басу үшін, сол күні-ақ қос інісін қасына шақыртып алып:

– Ер жігітке сын болар ел басқарудың ауыр жүгі мойныма түсіп тұр. Ақ жолда әділетпен басқара аламын ба, әлде халықтың қарғысына ұшырап, көз жасына қаламын ба? Тақта отырмын деп тепсінбей, менменсімей қарапайым күйімде қалуға септік қылыңдар деген оймен, билік бөлісуге алдыртып отырмын өздеріңді. Қасымда болып, жөн сілтеп, бұрыс жерімді түзеп отырарсыңдар деп сенемін, – деп Руғила сөзін аяқтады.

Әдеп сақтап, бастарын төмен сала тыңдаған Ақтар мен Мыңзық аға шешімін тың көңіл, тыныш құлықпен қабыл қылды. Ағалары қанша белес-беделге көтерілді десе де, өзінің сол баяғы қарапайым қалпында қалған. Осы күннен бастап бауырластар бірі бас болса, бірі – мойын, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» ел басқарды. Руғиланың ойлағанындай, бірі ашу болса, екіншісі – басу, үш ағайынды ақ жолдың жаршылары болып билік етті.

Билік басында отырған Руғиланың ұлдары бар болғанымен, олар көзге түсерліктей азаматтар емес еді. Осыны жақсы білетін Руғиланың үміт артқаны – інілерінің ізбасарлары. Ол бастаған ісінің жалғасын табар солар болар деп ойлайтын. Ақтардың өкшесін басып келе жатқан Бледа деген ұлы бар. Ал Мыңзықтың жайы басқаша.

Мыңзықтың жүрегінің түбінде баяғыдан бері бүгіп жатқан арманы бар-тын. Онысы ата жолын ұстанар ұлды болу. Жыл өткен сайын сол арман жұбаныш таппас қайғыға айналып бара жатқан. Осылайша сарсаңмен жүрген кезінде, Жаратушы жар болып Мыңзықтың келіншегі жүкті болды. Айы-күні жетіп отырған әйелі әні-міне босануы тиіс. Ұлды болуды армандап

*сұңғыла – тез сезе қоятын, зерек, зерделі



жүрген кезінде тайпадағы көреген бақсы бір күні оны «келіншегің ұл табады» деп қуантты. Бұл хабарды естіген ол жүрегі жарылардай болды. Дегенмен, көкірегіне әлденедей күдік-күмән ұялады. Мыңзықтың көңілін күпті қылған осындай күндердің бірінде Руғила інілерін аңға шығып қайтуға шақырды.

Осыдан біраз бұрын ғана ғұн ордасынан алыс орналасқан қосындағы малшылар мен өзен бойындағы елдерден суыт хабар жеткен еді. Малға да, малшыға да тыным бермей, анда-санда бір ірі қараны жарып кетіп жүрген бір жолбарыс пайда болыпты. Қол астындағылардың жанына ғана емес, малына да жауап беретін Руғила бұл жыртқыштан елді құтқаруды ойластырған. Бір жағынан Мыңзықты сергітіп қайтпақ та ойы бар. Осындай бір күні аңға салар иттерін ертіп, жігіттерін жиып, үшеуі ертелетіп аңға шығады. Кеше кешкісін сол жолбарыстың бір тана өгізді жарып кеткенін айтып бақташы келіп кеткен еді. Етке қарны тойған жыртқыштың алысқа ұзамай сол маңда жүргеніне күмәні қалмаған аңшылар із шалып соңына түспек. Руғила Мыңзыққа аңға шығатынын айтқанда, жебесін сайлап отырған ол:

– Жымсып басатын жыртқыш неменің тарғыл терісін төсеніш етпекпіз бе? Ол жарықтықтың да бұл маңда тұқымы азайып бара жатыр емес пе? – деді.

– Күшіне ғой бас иеміз, құдіреті жетсе, құтылып көрсін. Болмаса, оның жемтігіне қалдыра беретін басы артық мал кімде бар? Жан сақтаймын десе, жаны тыныш жер іздесін. Әйтпесе, шыдамның да шегі бар ғой, жетер енді. Азуын айырып, терісін ат артына өңгерер кез келді.

Мыңзық бауырының айтқандарына үнсіз келісті. Иә, жолбарыс – қаһарымен қаймықтырып, жан-жағын тітіретіп тұрар күш иесі. Бірақ Мыңзықтың бір құптамайтын жері – оның жемтігіне тығылып тұрып шабуылдайтыны. Құрбандығына қол салып тырнақ батырар сәтте арыстан секілді ақырып айбынын асырмай, ақырын басып атылатыны. Неге екенін өзі де білмей Мыңзық ақырын ғана күрсініп қойды. Кім біледі, жыртқыш та болса жануарға жаны ашығаннан шығар...

Күздің сирек болатын мамыражай шуақты күндерінің бірі. Таң ата төңіректі шолып, із кескен олар біраз уақыт өткен соң





таңғы салқынға дейін жайратып салған жемтігінен ыңқия тойып, маужырап ұйқыға бас қоя бастаған жолбарыстың ізіне түсті. Жайылымға шығар жануар емес, қарны тойған соң бұйығып бой тасалап жатқан жолбарыс арс-арс үрген ит, абыр-сабыр адам, қару-жарақтың шаң-шұң дауысынан мазасы кетіп, орнынан ызалана ырылдай тұрып, қалың жынысқа* самарқау басып бара жатқан-ды. Аңшылар оның қарасын осы кезде шалды. Белуардан келетін шалғында қамсыз маң-маң басып бара жатқан жолбарыс олардың дүбірі шыққанда, селт етіп басын көтеріп алды да, жақындап қалған қауіпті көріп гүрілдей атырыла ытқыды.

Жолбарыстың иісін алыстан сезіп, қарғыбауға байлаған шынжырларын жұлқи тартып, иелерінің босатып жіберуін көксеп келе жатқан иттер аңды көрісімен, ырылдасып қоя берді. Алды-арты түгел қоршалған жолбарыс ентелеп келген бірекі төбетті лақтырып жіберді. Оның бір тартқанынан қалмаған иттердің өлі денелері анадай жерге ұшып-ұшып түсті. Аң олардың бірін жайратар, екіншісін жарып тастар, бірақ аранын ашқан қанды қақпан ажалынан бөрібір құтылмайтыны анық. Соңғы сәтінің таяп қалғанын сезгендей жолбарыс та ырши секірді. Соңынан ұшқан сұр жебе ыңырана зулады. Жаза баспас қырағы көз бен мүлт жібермес қату қолдан атылған садақ оғы жолбарыстың мойын тұсына кірші қадалды. Жолбарыстың қара жерге қадай басып тұрған шиыршық атқан аяғы сылқ етті. Мыңзық арғымағын тежей бере қарғып түсіп, әлі жаны шыға қоймаған жолбарыстың жүрек тұсына пышағын сұғып-сұғып жіберді. Ырылдай ұмтылған иттер осы сәтте тұс-тұстан қаумалай түсті...

Арандай ашылған азуларға көкпар болған жолбарыстың ажалы осылай жетті. Шапши аққан қанға қарап, дұға қылғандай өлденені күбірлеп тұрған Мыңзықтың қасына соңынан шауып келе жатқан Руфила мен Ақтар жақындай бере ат басын тартты.

– Қанжыға қанды болсын, Мыңзық. Үйірімен үш тоғыз, – деді Ақтар ақсия күліп.

– Айтсын...

Мыңзық бара-бара қоюлана түскен қошқыл қанға қарап, бас көтермей жауап қатты.

*жыныс – ағаш қалың, ну өскен орман-тоғай

– Ниетімізге тура келгендей, жануарды олжа қылыпсың, құт болсын, – деді Руғила. – Күпті көңіліңе бір медеу. Бұл да болса, тәңірінің жасаған ишараты болар. Ат жалын тартып мінер өрен келер, бұйырса.

– Тәңірімнен тілерім – сол. Алдымнан сүйіншілеп кімнің туылғанын айтып шығары белгісіз. Көңілдің күпті болып тұрғаны да рас. Алайда Тәңірінің берген қай баласын болса да жатсынатын емеспін. Дегенмен ұрпақ жалғастырар ұл болғанға не жетсін.

Мыңзықтың сөзінен ішінде бір жалынның барын сезінген Руғила мен Ақтар үндемей қалысты.

Қасындағы жігіттері құмарлары қанғанша жолбарысты сілкілей алмаған иттерін тыныштандырып, аңның терісін сыпырғанша, олар анадай жерге барып тізе бүгіп отырды. Арада шай қайнатым уақыт өткен соң, олжалы болған аңшылар аттарын жай бастырып қос жаққа бет бұрды. Жаймен аяңдатып келе жатыр еді, алыстан бұларға қарай шауып келе жатқан бір аттылы көрінді. Ол ат басын тежемей, шапқан күйде аңшыларға жақындады. Таяп келгенде, Мыңзық, Руғила, Ақтар үшеуі атын қамшылай жүргізіп келе жатқан өз тайпаластарының бірі екенін таныды.

– Иә, сәт! Жақсылық хабар болғай, – деді Руғила өздеріне беттеп келе жатқан адамнан көз алмай.

Жақындап қалған аттылының жүзінен қуаныш, күлкінің табын байқаған Ақтар:

– Тәңірім, оңынан берсін, – деді.

Жалғыз ғана үндемеген Мыңзық.

– Сүйінші! – деп айқай салды ақсия күлген жауынгер.

– Пәлі, ал сүйіншіңді, – деп Руғила беліндегі белдігін шешіп жауынгерге лақтырды. Асыл тастармен безендіріп күміспен күштеген белдікті қағып алған жауынгер Мыңзыққа бет бұрып:

– Тәңірі қолдап шаңырағыңда тізгін ұстар ұрпақ келді, Мыңзық. Ұзағынан сүйіндірсін, – деді.

Жүрегі дүрсілдей соға тыңдаған Мыңзық жауынгердің соңғы сөздерін естігенде, қалт жадырап жүзі жарқ етті.

– Міне, ендеше. Сүйіншіңе менен де ал мынаны, – деп артына мүйізден иіп жасаған кішігірім шаңырақтай садағын иығынан алып жауынгердің қолына ұстатты.



Сүйіншіге түскен олжасына айналып қалған хабаршыға қарамастан үш ағайынды қосынға қарай шаба жөнелісті. Алдарында қуаныш кернеген кеудесін желге тоса арындатқан Мыңзық барады.

Ұрпақ жалғастырар ұлдың туылуы қай адамға болса да қуаныш. Ғұндар ортасында еркек кіндіктінің өмірге келуі той болатын. Ауылдағылар және сарай маңындағылар да Мыңзықтың келіншегі босанды дегеннен үлкен тойға дайындала бастаған еді. Әр-әр жерде мал сойылып, қазан көтерілген. Ауыл осылайша абыр-сабыр болып жатқан кезде аңға кеткен үшеудің де қарасы көрінді. Олардың алдыларынан шуласып бала-шаға жүгірді. Бара сала Мыңзықтың шылауына жармасып, «бөпе туылды, кіпкішкентай» десіп таласып шуылдасып жатқандары. Мыңзықтың көңілі орнында. Алдынан шыққан балалардың бәрінің де бастарынан бір-бір сипап өтті. Балалардың соңынан тізіліп шығып сабырмен күтісіп тұрған ауыл үлкендеріне жақындап келгенде ол атынан түсіп, ақсақалдарға қарай жаяу аяндады.

– Нәрестенің бауы берік болсын, Мыңзық, – деді араларындағы бір қария қастарына жақындаған Мыңзыққа қарап. – Көптен күттіріп жүрген азамат еді, үлкен жігіт болып өссін, халқының ұлы болсын.

– Айтқаныңыз келсін, ақсақал, – деді Мыңзық қолын кеудесіне баса басын иіп.

Өмірге келген немере інісінің шілдехана тойына Руғила тайпа мүшелерін түгел шақырды. Ән шырқалып, би биленді.

Ғұндар биі ерекше еді. Алдымен олар бір қатар болып тұрып, бір-бірімен қол ұстаса жай қозғалып айналған. Содан соң барып ән ырғағына қарай қозғалыстарын біртіндеп шапшаңдата, дөңгелей билейтін.

Тойдың қызып тұрған шағы. Ашық дала астында отты айнала қоршаған адамдар арасында отырған көріпкел Мыңзыққа жаңа туылған сәбиді алдыртты. Әлдене айтатындай әркімге түйіле бір қарап өтті-дағы, әкесі алдына алып отырған нәрестені қолына алып көкке көтере ұстады. Тырбаңдаған қызылшақаға қарап тұрып:

– Халайық, – деді, – маған қолымдағы сәбиді болашақта не күтіп тұрғаны жайлы аян түсті.



Дуылдасып отырған үлкенді-кішілі топ сап тиылды. Ешкім үн қатпай отырысып қалды. Тек оттың сырт-сырт жанған дыбысы ғана естіліп тұр. Мыңзықтың қолына баласын қайта ұстатқан көріпкел ешкімге мойын бұрмастан жанарын көкке тіккен бойы сөзін ары қарай жалғастыра берді:

– Ғұндар! Алаш дегізіп атыңды шығарар, еліңе ертегінің батыры болар азамат дүниеге келіп жатыр ортаңда. Құдай қалап, Тәңірі оң көзімен қарар болса, ертеңгі күні атағыңды шығарып, барша дүниені аузыңа қаратар, дұшпаныңның басын идіріп, алдыңа жығып берер адам осы ұлан болады.

Көрегеннің сөзінен соң айналада құлаққа ұрғандай тыныштық орнады. Өмірге жаңа келген жас сәбидің қаһарлы қолбасы боларын естіген халық екіұдай сезімде еді. Топ ортасында тұрған көреген бұрылып бір аттады да, нәрестені Мыңзықтың қолынан қайта алып тағы да көкке көтерді. Осы кезде отырған топтың арасындағы жасы үлкен қарт сарбаз орнынан тұрды. Ол бір тізесін бүгіп, қолын кеудесіне қойып нәрестеге иіліп тағзым етті. Ләм деспей отырған жұрт сарбаз соңын ала дүр көтеріліп, олар да бас иді.

Содан кейін жұрт «осындай маңдайы жарқырап туған ұлға қандай ат береміз?» деп қауқылдасты. Ақыры «Еділдей үлкен және ұлы болсын» деген тілекпен оның атын Еділ қойыпты. Кейін ол латын тілінде Итил болып, Аттилио – Аттила аталып кеткен еді.



Балалық шақ

Ғұндар ысқыра ұшқан оқ, ыңырана тартылған садақ жебесіне кеудесін тосып, жаудан қайтпай өскен. Ол ортада ер жігіттің мұқалмас қылыштай өткір, найзадай түзу, жебедей жылдам болуы – өмір салты. Міне осындай жауынгер халық арасында дүниеге келген Аттиланы ата салт жауынгерлік өмірге баулыды. Ол да өз замандастары секілді ес білгеннен ат жалына жармасып өсті. Тіптен ғұндар балаларын тәй-тәй баспас бұрын ат үстіне қондырып, тізгін тартқызып өсірді десе де болатындай.

Аттила жасынан-ақ ат құлағында ойнап, өнердің неше түрін жетік меңгерді. Ер жетіп оң-солын таныған кезде, Мыңзық оны қасына ертіп жүрді. Ат баптаудың, қару-жарақты қалай қолдану керектігін үйретіп, тағлым берді. Кейініректе ат үстінде нық отырып, өзі мініп-түсе алатын шаққа жеткенде, өзімен бірге аңға да алатын болды.

Бірде әкесі Аттиланы алып саятқа шығып, бір қызыл түлкінің соңына түсіп қуғын салған. Қыр-қырды қиялай қашқан айлакер түлкі соңынан өкшелей қуған аңшылардан керіле ырғып, бұлаң құйрыққа салып қанша қашқанымен, құтылуға ешқандай мүмкіндігі болмады.

Аралары таяқ тастам жер болып, ендігі қуғыншылардың аттары оның желкесіне төніп қалды. Осы кезде жан сақтап шырқыраған қызыл түлкі бейне бір екінші тынысы ашылғандай зыр қағып біртіндеп алыстай бастады. Артындағылар да қалар емес. Олар келесі қырдың беткейіне көтеріле берген қу түлкінің соңынан садақтарын кере тартып, ыңырантып оқ жіберді. Мыңзық пен Аттила атқан қос жебе зулай ұшып, бірі қабырғадан, бірі мойынның түбінен келіп кірші қадалды. Ажал әнін зарлата жеткізген қос жебе қыр тағысының өмірін үзді. Әке мен бала жан тәсілім етіп тышырлап жатқан түлкінің қасына келіп аттарынан қарғып түсті. Мыңзық олжа түлкіні

желкесінен шымши ұстап жоғары көтерді. Сосын Аттилаға күлімдей қарап:

– Міне, балам, бұйырса сенің тырнақалды олжаң. Түлкі аса айлакер жануар, оңай қолға түспейді, жолы – жеңіл, пайдасы – мол. Ер жігіт үшін аңды аулай білу ерекше бір өнер, – деді баптап сөйлеп.

Содан соң түлкіні жерге тастап жіберіп:

– Бірақ, – деп сөзін жалғастырды, – қажетің болса ғана, саят жаса. Ал жай ермек үшін жарықтық жануарларды қыра беруге болмайды. Тіптен аяқ астында жатқан көкті де керексіз жұлмаған ата-бабаларымыз. Осының бәрін біліп, көкейіңе тоқи жүр. Жан-жануар ішінде аулауға болатыны да, киесіне қарап, өлтіруге тиым салынғандары да бар. Қыр тағысының ішінде ғұндар маралды қасиетті жануар деп санайтынын білетін боларсың, балам? – деді.

– Иә, әке, ол туралы аңыз-әңгіме көп қой, – деп жауап қатты Аттила.

– Біле білсең, біздің халықты осы араға алып келген осы жануар деген де аңыз бар.

– Иә, әке, қоныс аударған ғұндарды жаңа жерге бастап әкелген марал деседі ғой.

– Дұрыс айтасың. Кәні, енді осы жайлы не білетініңді айтып берші, – деді Мыңзық.

Түлкінің мұрнынан қарақошқылданып аққан қанға қарап тұрған Аттила әкесіне бет бұрды. Содан соң екеуі ары барып жасыл шөптің үстіне жайғасты. Сәл үнсіздіктен кейін Аттила өзінің не естігені жайлы әңгімесін бастап та кетті.

– Сонау ерте заманда, ғұндар көші жазық даланы басып өтіп, ат жалдап өте алмас Ұлы теңізге тірелген кезде ат басын іркуге мәжбүр болыпты. Сол күндері аңға шыққан бір ғұн сарбазы бір маралдың соңына түскен көрінеді. Теңізге жеткен кезінде марал суға орғи секіріп, ары қарай жүзіп кетеді. Алғашында мұндайды күтпеген сарбаз не істерін білмей аңтарылып тұрып қалады. Дегенмен, тәуекел деп атына қамшы салып, маралдың соңынан суға қойып береді. Біраз жүзген соң судың қарсы жағалауына шыққан марал артына қарап ғұнды



өзіне ілестіргісі келгендей ниет қылыпты. Содан соң дүр сілкініп, көзден ғайып болыпты. Арғы бетке жануардың соңын ала шыққан ғұн көкпеңбек балғын-балауса шөпке тұнып тұрған жерді, сылдырап аққан судың молдығын көріп өз руластарын осы маңға алып өткен деседі. Естуімше қасиетті жануардың ғұндарға жаңа жер – Қырым түбегіне жол көрсетуі осылайша болған екен.

Баласының естіген-білгенін үлкен кісілерше баяндап тұрғанын сүйсіне тыңдаған Мыңзық күлімсірей түсті де, Атти-ланы бауырына тарта құшақтады.

– Қасиетті жануардың бізді бұл араға алып өтуі тегін емес, балам. Біздің халықтың арасынан шығатын хас батырдың маңдайына жазылған одан да өзге аңыздың да барын ұмытпа, – дейді.

– Әрине, әке. Халқымыздың ішінен шығатын айбынды батыр болады. Ол алаш жұртымыздың атын шығарып, атағын алысқа жеткізеді. Талай ғасыр қандасқан жауларын тізе бүктіріп, басын идіретін де сол батыр болады деседі.

– Алайда, балам, жаудың тізесін бүктіріп, дұшпанмен соғысу – оны бас салып қыра беру деген сөз емес. Елді біліммен де, білекпен де басқара білу керек.

– Егер қазіргі бітіспес жауымыз вестготтар секілді қайтпас дұшпан болса ше?

– Вестготтар да бізбен өмір бойы соғыса беруге құлықты емес, балам.

– Бірақ, ата жаумен қалайша келісімге келуге болады? – деп Аттила әкесінен таңдана сұрады.

– Ата жау деген шартты сөз, ұлым. Бүгінгі дұшпаныңның ертең дос, досыңның дұшпан болып шыға келуі де ғажап емес, – дейді әкесі.

– Сонда, әке...

– Иә, балам. Ашуыңды ақылыңа жеңдіре білу керектігі сияқты жауыңа сырыңды бермей, өшпенділігіңді ішке бүгіп, жалын атқан ызаңды баса біл. Дұшпаныңды ешқашан да әлсіз деп санама. Керісінше оның немен тыныс алып, қалай өмір сүретіндігін білуге тырыс.

Сөзін бөліп сәл тоқтаған Мыңзық баласына тіке қарап:

– Жақында бізге Римнен аманат* келейін деп жатыр. Қасында бол, бойына ғұндардың ең жақсы қасиеттерін сіңіре біл. Айналаңда ізгі ойлы адамдар көп болса, өмір сүру оңайлау болмақ. Әрі достасуға тырыс. Ол бұл жақта тұрақтап қалатын адам емес, ертең Отанына қайтар кезі туады, сол уақытта жат елде бір досың болсын, – дейді баласына сабырмен қараған әке.

Аттиланың ынтамен тыңдап тұрғанын көріп Мыңзық сүйсініп қалады. Ұлының басынан тағы бір сипап, атып алған түз тағысын қанжығаға бөктеруге кіріседі.

– Ал, балам, қайтайық. Сенің алғашқы саятыңның олжасын елге апарып көрсетейік.

Қайтар жолда әке мен бала екеуі де үнсіз болды. Аттила өзінің алғаш атып алған аңын мақтан етіп, әрі әкесімен болған әңгімені есіне түсіріп, аса бір шаттық күйге енді.



**аманат – жеңілген, бағынышты жақтың кепілге берген адамы*